




Мазмұны

Құжаттың паспорты.....	3
Келісу парағы	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Мақсаттары, міндеттері және қызметтері.....	5
3. Қалыптасу тәртібі мен құрамы.....	6
4. Жұмыс регламенті.....	6
5. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.....	7
6. Қорытынды ережелер.....	7

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы	«Нархоз Университеті» КЕАҚ «Жас әлеуметтанушы» Клубы туралы Ереже
Қысқаша сипаттамасы	Ереже «ЖБП» Ғылыми-білім беру департаментінің «Жас әлеуметтанушы» клубының қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау тәртібін анықтайды ішкі құжат
Тақырыбы:	
Мәртебесі:	күші бар
Бекітілген күні:	24.11.2020 г.
Іс-әрекеттің аяқталу күні:	мерзімсіз
Тексеру күні:	11.05.2021 г.
Тексеруге жауапты:	Л.Н. Гостенко К.С. Балхыбекова

Келісу парағы		
Академиялық қызмет жөніндегі проректор	С.І. Өмірзақов	
Ректордың құқық мәселелері бойынша кеңесшісі	Л. Бисенғали	
«ЖББП» ҒБД-нің директоры	Л.Н. Гостенко	

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Университет") **«Жас әлеуметтанушы» Клубының** (бұдан әрі – «Клуб») мәртебесін, құрылу тәртібін, қызметінің ұйымдастырылуы мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Клуб әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім алушылардың зерттеу қызметін жүзеге асыру мақсатында құрылған, «Жалпы білім беру пәндері» Ғылыми-білім беру департаментінің (бұдан әрі – «ЖББП» ҒББД) ашық алаңы болып табылады.

1.3. Клуб өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңын, Университет Жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарын, Университет ректорының бұйрықтары мен Ғылыми кеңесінің шешімдерін, осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Клуб заңды тұлға болып табылмайды, өз қызметін өзін-өзі басқару, шешімдер қабылдаудың алқалылығы, оның мүшелерінің ерікті кіруі мен тең құқылығы қағидаларын басшылыққа ала отырып, қоғамдық негізде жүзеге асырады.

2. Мақсаттары, міндеттері және қызметтері

Мақсаттары:

2.1. «ЖББП» ҒББД зерттеу қызметі саласында пікір алмасу үшін жағдай жасау.

2.2. Студент жастардың бойындағы әлеуметтік-саяси мәдениетті қалыптастыру:

- сапалы әлеуметтік зерттеу әдістерін қолдана отырып, ұжымдық жақты зерттеу;
- зерттеу жобасын әзірлеу.

2.3. Студенттерді конференцияларға, форумдарға, зерттеулерге қатысуға дайындау үшін тарту.

Міндеттері:

- студенттердің жеке қабілеттерін ашу және оны жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- студенттердің назарын қаланың, елдің, әлемнің өзекті әлеуметтік проблемаларына аудару;
- фокус-топтарды жүргізу, сауалнамалар құру, терең сұхбат пен бақылау жүргізу, алынған деректерді талдау және оларды ұсыну дағдыларына үйрету;
- студенттер арасында ғылыми-зерттеу білімдерін насихаттау;
- студенттердің болып жатқан әлеуметтік-саяси процестерге қызығушылығын дамыту;
- студенттердің ғылыми жобалары мен мақалаларын жазу бойынша жетекшілік ету және кеңес беру;
- студенттерді Клуб қызметіне тарту, тәжірибе жинақтау және әлеуметтік-саяси мәдениетті дамыту;
- Клуб мүшелерінің әлеуметтік өзін-өзі тануды жүзеге асыруды ықпал ету.

- Клуб қызметінің басым бағыттарының жоспарын әзірлеу;
- келесі бағыттар бойынша жұмыс топтарына, комиссия жұмысына қатысу: «ЖБП» ҒБД ғылыми-зерттеу қызметі бойынша ағымдағы және жоспардан тыс міндеттер шешімдерінің жобаларын дайындау;
- ғылыми-зерттеу бағдарламаларына енгізу үшін студенттік зерттеу жобаларын сараптау, оларды конкурстық іріктеу үшін ұсынымдар әзірлеу;
- Клуб студенттерінің әлеуметтік зерттеулерінің нәтижелерін жариялау үшін макалаларына рецензиялар дайындау;
- Клуб қызметі жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу, Клубтың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер дайындау;
- Клубтың зерттеу қызметі саласындағы ынтымақтастықты дамыту;
- Клубты құру, қайта құру және жабу бойынша ұсыныстарды қарау.

3. Қалыптасу тәртібі мен құрамы

3.1. Клуб «ЖББП» ҒББД-де педагогикалық қызметті жүзеге асыратын «Гуманитарлық пәндер» секциясындағы профессорлық-оқытушылық құрамынан, сондай-ақ Университет студенттерден құрылады.

3.2. Клуб құрамына кіреді:

- Клуб жетекшісі – 1 адам.;
- ПОҚ санынан клуб мүшелері – 3 адам;
- хатшы – 1 адам;
- 1, 2, 3 курс студенттері – шектелмеген.

3.3. Клуб координаторы «ЖББП» ҒББД әкімшілік-басқарушылық персоналы қатарынан тағайындалады.

4. Жұмыс регламенті

4.1. Клубқа мүшелік ерікті болып табылады.

4.2. Клуб қатысушылары студенттер, колледж оқушылары, мектеп оқушылары, оқытушылар бола алады.

4.3. Клуб мүшелерінің ұсынысы бойынша отырысқа қатысу үшін «ЖББП» ҒББД қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

4.4. Клуб отырыстары бір семестрде кемінде бір рет өткізіледі.

4.5. Егер кворумды қамтамасыз етуде қатысушылардың жартысынан көбі (клуб мүшелерінің жартысынан кем емес) дауыс берсе, клубтың шешімі қабылданды деп есептеледі. Клуб мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда жетекшінің дауысы шешуші болып табылады.

4.6. Клубтың шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға клуб жетекшісі мен хатшысы қол қояды және хаттамадан үзінді көшірме түрінде тиісті мәселелер бойынша «ЖББП» ҒББД-ға жеткізіледі.

5. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

Клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттері тең.

5.1. Құқықтары:

5.1.1. Клуб жетекшісінің, мүшелерінің, хатшының құқықтары:

- клуб жұмысына еркін қатысу;
- құзыретіне кіретін ұсыныстарды енгізу;
- талқыланатын мәселелер бойынша ескертулер, түзетулер енгізу;
- күрделі тақырыптарды талқылауға шығару, сарапшыларды шақыру;
- бекітілген регламентке сәйкес барлық қаралатын мәселелерді талқылауға қатысу.

5.1.2. Клуб мүшелері-студенттердің құқықтары:

- өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Клубтың қолдауына ие болуға;
- клубтың қызметі туралы ақпарат алуға;

5.2. Міндеттері:

5.2.1. Клуб жетекшісінің, мүшелерінің, хатшысының міндеттері:

- клуб белсенділігін қалыптастырады;
- клуб белсенділігінің қызметін үйлестіреді және ұйымдастырады;
- клубтың барлық отырыстарына қатысады;
- осы Ережені сақтау және осы Ереже шегінде қабылданған және көзделген клуб шешімдерін сапалы орындау;
- өз қызметінде клубтың шешімдерін басшылыққа ала отырып, өзіне алған міндеттемелерін орындау;
- клуб жұмысына белсенді қатысу, клуб отырысына шығарылатын материалдарды уақтылы және сапалы қарау, белгіленген мерзімде жазбаша ұсыныстар беру;
- клубтың жетекшісін, хатшысын клубтың кезекті отырысына қатыса алмайтындығы немесе тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындай алмайтындығы туралы уақтылы хабарлау.

5.2.2. Клуб мүшелері - студенттердің міндеттері:

- осы Ережеде бекітілген ережелерді сақтау;
- клуб жұмысына қатысу
- клубтың беделін нығайту және қолдау.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

6.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «ЖБП» ҒБД директорының ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен енгізіледі.


6.3. Осы Ереженің қолданылу мерзімі шектелмейді және Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен тоқтатылуы немесе доғарылуы мүмкін.

6.4. Клубтың қызметі клуб мүшелерінің немесе Университет әкімшілігінің қатарынан болған бастамашыл топ ұсынысы бойынша клуб қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен тоқтатылады.

Өзірлеген:



ДВА докторы, «ЖБП» ҒББД
директор орынбасары
К.С. Балхыбекова



п.ғ.к., «ЖБП» ҒББД қауымдаст.
профессоры
Мекебаева М.А.

Тексеру туралы белгі:



Іс жүргізу және мұрағат бөлімінің
бастығы
Б.Б. Болатбек

«ЖББП» ҒББД-дің «Жас әлеуметтанушы» Клубы туралы Ережесімен таныстым:

№	Ф.И.О.	Дата	Подпись